

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы

«Математика әлемі»

(Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)

№5 «Ақбота» мектепалды тобы

11.12.2024ж

Тәрбиеші: Мұқанбетова А.К.

№5 «Ақбота» мектепалды тобы

Ашық ҰІӨ тақырыбы: «Математика әлемі»

Мақсаты: Сан және санау. Топпен жұмыс жасауға, бір бірін сыйлауға тәрбиелеу.

Тәсілдері: сұрақ-жауап, түсіндіру

Қажетті құрал-жабдықтар: әр түрлі үлестірмелі тапсырмалар,

Барысы: Балалар дәлізден саппен кіріп, қонақтармен амандасып, шеңбер құрып шаттық шеңбері орындалады:

Шаттық шеңбері:

Қайырлы күн ұстаздар!

Қайырлы к.н достарым!

Шеңберді құрайық,

Жылулық сыйлайық!

Тәрбиеші:

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: қыс

Қыс айларын атай қояйық?

Балалар: желтоқсан, қаңтар, ақпан

Ай аптадан тұрады, апта күндерін атайық?

Балалар: Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

Балалар тақтадағы жыл мезгілдеріне байланысты тапсырманы орындайды, жыл мезгілдеріне байланысты 4 топқа бөлінеді.

1 топ-Көктем

2 топ-Қыс

3 топ-Жаз

4 топ-Қыс

1 топқа берілген тапсырма «Астауға асықтарды жинау»

2 топқа берілген тапсырма «Сан мен асықты сәйкестендіру»

3 топқа берілген тапсырма «Көршісін тап»

4 топқа берілген тапсырма «Жануарды азыққа жеткіз»

Сергіту сәті: «Оңға, солға»

Тақтаға «алма, алмұрт» ағашы ілінеді. Әр жерінде есептер берілген, сол есептерді таяқша арқылы есептеп шығарып, алма мен алмұртты сәйкесінше жапсыру.

Бүгінгі Ашық ҰІӨ қорытындылау

Балаларды мадақтау.